

## Спирт өндіру жөніндегі кешенді жабдықты (Спейшим, Франция) беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 20 наурыздағы N 245

Фосфор кіші саласы кәсіпорындарының қызметін тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бір айлық мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен фосфор кіші саласы акционерлік қоғамдарының берешектерін өтеуді ескере отырып Спирт өндіру жөніндегі кешенді жабдықты (Спейшим, Франция) "ЛУКойл-Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының меншігіне беру жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңда

белгіленген тәртіппен фосфор кіші саласы акционерлік қоғамдарының француз несие желілері бойынша қаражаттың қайтарылуы үшін қажетті сомаға республикалық бюджеттің алдындағы берешектерін өтеуін камтамасыз ететін міндеттемелерін дұрыс ресімдеуі және атқаруы жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі